


БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Жеке бас жетістіктері: гендер және
ЭТНИКА





Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Жеке бас жетістіктері: гендер және этника

Маскулиндер мен фемининдер

Минез-құлықтың түрін жан-жақты сипаттау мақсатымен Суэйн (2004), Коннел (2006) сияқты жазушылар маскулин және феминин терминдерін қолданады. Пэчтердің (2006) ойынша, бала өскен сайын, бір-бірімен бетпе-бет келіп отыратын түрлі топтармен танысады, ал бұл еркек немесе әйел болу дегеннің не екендігі жайлы олардың түсінігінің қалыптасуына көмектеседі. Суэйн оқушылар өз қоғамдары контекстінде өмір сүретінін, ал бұл контекст жергілікті мектеп саясатына әсер ететінін айтады.

Әр мектептің қызметкерлердің жеке болжамын, ережелерді, процедураларды және нақты бір тәжірибені иерархиялық түрде іске асыруды қамтитын өзіндік гендерлік тәртібі бар (2004: 182). Мектертерде ұқсастық болғанымен, олардың арасында айырмашылық та жоқ емес. Маршалл (2014) дамушы елдерде өмір сүретін көптеген қыз балалар дәстүрлі мәдени сенімдер мен экономиканың төмендігіне байланысты білім алуға бірқатар кедергіге тап болып отырғаны жайлы жазады. Қыздарға кері әсер ететін факторлар ретінде ұлдардың білімін жоғары бағалау, қыздарды үй шаруасымен айналысуы қажет деп қабылдау, ерте жастан күйеуге беріп, олардың болашағы оқуда емес отбасында деген көзқарастың қалыптасуын айтуға болады. Алайда, Харбер (2014) кей жерлерде, айталық, Гондураста, қыздарға үйден тыс жерде жұмыс істеуге рұқсат етілмейтіндіктен, отбасын асырау үшін ақша табу ниетімен ұлдардың оқуды тастайтынын байқаған. Бұл арада да кедейліктің гендер мен білім алуға әсер ететін негізгі фактор екендігін байқауға болады.

Гендерлік ерекшеліктерге қатысты саяси көзқарастар

Ерлер мен әйелдердің рөлі мен қарым-қатынасы нақты емес және әр кезде ол әртүрлі болып келеді. Әйелдер ерлермен тең құқыққа қол жеткізуі үшін қаншама жыл бойы әлеуметтік көзқарастарға қысым көрсетіп, оларды өзгертуге тура келді. Олар ажырасу құқығына қол жеткізді, ең бастысы, ажырасу кезінде өзіне тиесілі мүлікті сақтап қала алатын болды. Қаншама жылғы кампаниядан кейін 1918 жылы отыздан асқан әйелдер дауыс беру құқығына қол жеткізді, алайда, 1928 жылға дейін дауыс беру жасы ерлермен тең емес еді. Көп жылдар бойы гендерлік кемсітуге заңдық тұрғыдан жол беріліп келді. Бірдей жұмысты атқарғанымен, әйелдерге ерлерден аз төлейтін немесе тек әйел болғаны үшін қандай да бір жұмысты атқаруға сай емес деп, оның бұл жұмысты істеуіне қарсы болатын. Гендерлік көзқарасқа байланысты, әйелдер қоғамдық жиналыстарға қатыса алмайтын, сондықтан, көптеген қоғамдық орындарда тек ерлерге ғана арналған барлар болатын, оған әйелдер тек демалыс күндері ғана бара алатын. Тек 1975 жылғы Жыныстық кемсітушілік туралы заң қабылданғаннан кейін ғана бұл мәселелер шешімін тапты.

Оукли (1975) жас балаларды әлеуметтендіру мәселесін қарастырып, олардың гендерлік рөлді атқаруына отбасы, мектеп пен құрдастары қалай әсер еткенін зерттеп көрді. Балаға гендерлік көзқарасты оның қоршаған ортасы сіңіреді және ол күнделікті өмірде беки түседі. Уайт (1983) бастауыш мектеп жоспарындағы гендерлік стереотип пен қате түсінік мәселесін қарастырып көрді. Оны ерлер мен әйелдердің қоғамдағы түрлі көзқарастарын білдіретін оқу тапсырмалары мен сабақ мазмұнынан байқауға болады.

Оқу жоспарындағы өзгерістер

Алаңдаушылықтарға байланысты, оқу жоспарын қыздарға сай келерліктей етіп жасау стратегиялары іске асырылып, қыздардың танымын арттырып, көзқарастарын өзгертіп, мансапқа ұмтылуына түрткі болу арқылы олардың жетістігін арттыруға бағытталған бірқатар бастамалар орын алды. Таңдау оқу жоспары мен білім беру әдісіне түсті. Мысалы, Англияда «Қыздарды ғылым мен технологияға тарту» деп аталатын 1979-1983 жылдар аралығында іске асырылған, ғылым мен технологияда қыздардың неге жетістікке жете алмайтынын зерттеп, бұны өзгерту үшін мұғалімдердің сынып стратегиясын өзгертуіне қолдау білдірген төрт жылдық жобаны айтуға болады. Сол сияқты, Genderwatch деп аталатын оқушылардың танымын арттырып, позитивті анти-дискриминациялық іс-шараларды атқару үшін мектептің барлық саласында мұғалімдердің гендерлік аспектілерді бақылауына мүмкіндік беретін практикалық нұсқаулық та жасалды (Myers, 1987; updated version, Genderwatch – Still Watching, Myers at al., 2007). Бұл бастамаларды үйлестіруші деуден гөрі жекелеген адаға бағытталған деуге келеді және ол әсіресе орта таптан шыққан қыздар үшін бірқатар артықшылықтарды ұсына алғанымен, ол ерлерге кері әсер етуі мүмкін.



Гендер мен жетістік арасындағы байланыс

Бұрын негізінен ұлдар ғана айналысатын медицина, стоматология сияқты пәндік салалардың бакалавриат бөлімінде білім алатын қыздардың саны ұлдардан асып кетті. Алайда, ғылым, технология, инженеринг және математика бойынша, соның ішінде инженеринг саласы бойынша ұлдардың саны әлі де көп болып қала беруде. Адамс (2015) жоғары оқу орнына түсуге өтініш білдірген қыздардың жетістігінен Орта білім беру жөніндегі жалпы куәлік пен А деңгейі бойынша қыздардың жақсы нәтиже көрсеткенімен, ғылым, технология, инженеринг және математика бойынша әлі де саны жағынан аз екенін байқауға болатынын айтады. Демек, білім алып жатқан қыздардың санының артуы олар үшін мансапқа қол жеткізу мүмкіндігін ұсынғанымен, ғылым, технология, инженеринг және математика төрттігі бойынша жоғары білімді қажет ететін құрылыс, инженерия салалары бойынша олай дей алмаймыз.

Мектеп мәдениеті

Мектеп мәдениеті ұлдар үшін емес, қыздар үшін жұмыс жасайды деген пікірлер бар (Smith, 2012, and Stahl and Dale, 2013 discuss these arguments). Бұл көзқарас бірнеше бағытты қамтиды.

- Бағалау тәртібі соңғы емтиханнан гөрі курстық жұмыстарға ерекше көңіл бөле отырып, қыздардың мүмкіндіктерін ескере отырып жасалған деген көзқарас қалыптасқан. Алайда, соңғы кездері бұл көзқарас өзгергенімен, қыздардың нәтижесі еш өзгеріссіз қалып отыр.
- Оқу жоспары ұлдардан гөрі қыздардың мүддесін көбірек қорғайды деген пікір оқу жоспарында көрсетілген салалардың көбінің мазмұны ұлдарға арналғанын естен шығарып отыр.
- Ұлдарға мектептен де артық бәсекелестік орта керек деген пікір бар. Балалар, мектептер және отбасылар жөніндегі департамент (2009b) тағы да бұның аңыз екендігін айтады. Шындығында, олар еш жетістікке жетпеген жағдайда, бәсекеге көңіл бөлуден еш нәтиже шықпайды.

Этника және жетістік

‘Нәсіл’ және этника

Білім беру жетістігіне әсер ететін тағы бір әлеуметтік фактор ретінде «нәсілді» немесе этниканы айтуға болады.

«Нәсіл» дегеніміз, жеке тұлғалардың нақты бір генетикалық тұрғыдан мұра етіп алған физикалық сипаттарына қарай топтасып, жіктелуі. Адамдарды «нәсілдік» топқа олардың жалпы сипаттарына қарай жіктейді, ал күнделікті өмірде «нәсіл» терминін айдар таққандай еш қиналмастан қолдана береміз. Алайда, бұл әлеуметтік концепт ғана емес, бұнымен қатар, «нәсіл» терминін адамдарды жіктеу мақсатында қолданудың да мәселелесі жетіп артылатынын айта кеткен жөн.

Терминдер.

Генетика - ағзалардың тұқым қуалаушылығы мен өзгергіштігі туралы ғылымды генетика деп атайды

Этника – ру, тайпа, халық дегенді білдіреді.

Сұрақтар:

1. Гендерлік ерекшеліктерге қатысты саяси көзқарастар қандай?
2. Гендерлік ерекшеліктерге байланысты оқу жоспарындағы өзгерістер қандай болды?